

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/YVDX6427>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BXRQ4963>

***М. Б. Тлеулинова¹, С. Д. Сейденова²,
А. Е. Алпысбаева³, Д. Коксал⁴, К. Джесур⁵**

^{1,2,3}Өл-Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

^{4,5}Чанаккале Онсекиз Март Университеті,

Түркия, Чанаккале қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5505-7202>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4799-7173>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5947-6084>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8681-4093>

⁵ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5091-9793>

*e-mail: tleulinova_mb@mail.ru

Д. ИСАБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ АУДАРМАЛАРЫНДАҒЫ МӘТІН МЕН АВТОР ПРАГМАТИКАСЫ

Мақалада аударматанудағы ең күрделі мәселелердің бірі – аударма мәтінінің коммуникативтік әсер тудыру, реципиентке прагматикалық әсер ету қабілеті болып табылатын түпнұсқа мәтіннің прагматикалық әлеуетін беру мәселесі қарастырылған. Неміс ғалымы А. Нойберттің теориясына сәйкес, төл тілде сөйлейтіндерге арналған көркем шығармалар көп жағдайда басқа тілдерге аударылады, сондықтан оларда прагматикалық факторлар маңызды рөл атқарады. Мәтіннің прагматикалық параметрлері оның барлық элементтерін қамтитындықтан, мәтіннің өзі мен қарым-қатынас субъектілері, автор мен адресат арасындағы қатынас бір белгі түрінде немесе балама түрде бекітіледі. Аудармашы аударма тіліне мәтінді прагматикалық бейімдеу кезінде мәтінге қосымша элементтерді, басқа тілді реципиенттің көзқарасына сәйкестендіріп, артық элементтерді түсіріп жіберуді, сондай-ақ семантикалық түрлендірулерді қолданады. Осының салдарынан түпнұсқа мәтінді түпнұсқа тілінде сөйлеуші-реципиент пен аударма тілінде қабылдаушы-реципиент тұрғысынан бағалайтын аудармашы-

реципиент арасында сәйкессіздіктер туындайды. Осы өзекті мәселені шешу үшін белгілі жазушы-драматург Дулат Исабековтің көркем аударма мәселелеріне көзқарасы, оның шығармаларының аудармасының сапасына ғана емес, автордың аудармашыларға берген ұсыныстарына қатысты деректі сұхбаты негізінде зерттеу жүргізілді. Жалпылай алғанда, бүгінгі таңда Д. Исабековтің шығармалары әлемнің 11 тіліне аударылды, оның пьесалары шетел сахналарында қойылды. Бірақ аудармалардың сапасы, аудармашылардың түпнұсқа мен аударма мәтін арасындағы тілдік және мәдени тосқауылдан өту жолдары, аудармада қолданылған трансформациялар мен олардың болашақта әкелер салдары авторлық прагматикалық тұрғыдан қарастырылып, зерттелмеген. Сұхбатта кеңестік басылымнан аудармаларды басып шығару барысында орын алған олқылықтар да ашылып, орыс тілін аралық тіл ретінде қолданудың салдары сараланады. Тікелей сұхбат барысында алынған нақты деректер отандық аударматану саласында, атап айтқанда, көркем аударма теориясы мен аударма дидактикасында қолдану тұрғысынан құнды материал болып табылады.

Кілтті сөздер: көркем аударма, аударма мәтіні, мәтін прагматикасы, автор прагматикасы, прагматикалық бейімдеу, аударма сапасы.

Кіріспе

Қазіргі қазақ аударматануының алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі – ол қазақ классикалық туындыларының, көркем әдебиетінің өзге тілге аударылу сапасы, түпнұсқа мәтіннің прагматикалық потенциалы, яғни аударма мәтінінің реципиентке қандай баламалық деңгейінде жеткізілуі. Мәтіннің коммуникативті әсер тудыратын, ақпаратты қабылдаушыға прагматикалық әсер ету қабілеті мәтіннің прагматикалық аспектісі немесе прагматика деп аталады. Аударманың прагматикалық аспектісі негізгі болып табылады, өйткені аудармада коммуникативті әсерге жету немесе жетпеу адресаттың аударма мәтініне реакциясына байланысты.

Көбінесе аударма аралық орыс тілінен жасалғандықтан, қателіктер орын алып жатады, ал туындының рухын, мәдениетін түсінетін, қазақ тілінен тікелей аударатын аудармашылар тапшы. Сондықтан аударма тәжірибесіне қатысты зерттеу мақалалары аудармалардың сапасын арттыруға, жас аудармашылардың тәжірибесін молайтуға септігін тигізеді. «Автор белгілі бір шығармашылық туындының иесі болып табылады. Айталық, әдебиет, журналистика, ғылым, музыка, бейнелеу т.б. өнер түрлерін өзінің қабілетімен дүниеге әкелетін дарынды тұлға. Бұл үшін автордың өмір тәжірибесі де

үлкен рөл атқарады. Сондай-ақ білім-біліктің де әсері зор» [1, 3-б.]. Біздің жағдайда түпнұсқа авторының көзі тірі, өз аузынан салмақты ойларын, саралы жолдарын, шығармашылық жолында кездескен қиындықтармен қалай күресіп жеңгені, кеңестік дәуірде Мәскеудің баспаларымен аударма мәселелері бойынша қалай жұмыс жасағандары, олардың өзіндік талаптарының болғаны жайлы ауқымды ақпарат алу мүмкіндігі туды. «Деректі жанрда әдеби шығармаға тән көркемдік сипаттар өмірдегі нақтылы шындық баяндалып отырған жай-жағдайлар автордың ой-елегінен өткізіліп, оның сезім әсерлерімен нәрленіп шығуы арқылы танылды. Яғни, нақтылы жайлар, жеке фактілер жинақталып, қорытылып, типтік дәрежеге көтеріледі» [1, 122-б.]. Кездесу нәтижесінде автордың үлкен тебіреніспен еске ала отырып, өз туындыларының аудармасы, аударылу үдерісі жайында баяндаған әңгімелері, бұрын-соңды ешқандай ақпарат көздеріне берілмеген тың мәліметтер жинақталды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Дулат ағамен сұхбатымыз емін-еркін әңгімелесуге құрылған журналистік бағытта өрбіп, әдебиеттегі өзекті мәселелерге арналып, бетпе-бет жүргізілді.

Ал сұхбаттың мақсатына қатысты ғалым Т. Қ. Қожакеев былай деп анықтама береді: «Интервьюдің мақсаты – қоғамдық маңызы зор бір мәселе, оқиға, тың бастама, қызықты құбылыс жөніндегі соған қатысы бар, өзі араласқан беделді де білікті адамдардың, мамандардың пікірімен жұртшылықты таныстыру» [2, 64-б.]. Осы орайда, мақсатымызға сәйкес 2023 жылғы мамыр айының 25-ші жұлдызында бізге екі сағаттан аса уақыт белгілі жазушы-драматург, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, нар тұлға, дара тұлға, ірі қаламгер жүректен шыққан жүрекке жетер, талай повестердің, әңгімелердің, пьесалардың авторы, Дулат Исабековпен сұхбаттасу бақыты бұйырды.

Мақаланың құраушы материалы, іргетасы – жазушы Дулат Исабековтің өзімен, көзбе-көз сұхбат жүргізу – сапалы зерттеулерде кең таралған тәжірибе ретінде, сұхбат әлеуметтік зерттеудің негізгі әдісі болғандықтан, оларға баса назар аударылады [3, 4].

Сұхбаттасуға барар алдында абыз тұлғаның алдына баруға үлкен қорқыныш пен жауапкершіліктің болғанын жасырмаймыз. Осы сұраққа мен ылғи да жауап беріп жүрмін ғой деген, қолайсыз жағдайға қалып қалмайын деген мақсатпен, қойылатын сұрақтар тізімін алдын- ала жан-жақты қарастырып, дайындап алып, алдымен жазушының өз шығармаларының аудармасына қатысты ойын біліп, ары қарай мақсатымызға қатысты сұрақтармен жалғастырдық. Сұхбат барысында қойылған сұрақтар:

1) Шығармаларыңыздың орыс тіліндегі аудармаларын өзіңіз оқып шықтыңыз ба?

2) Пьесаларыңыздың барлығы дерлік, әлем сахналарына шығып жүр, олардың аудармасын кім қадағалап, тексеріп отыр?

3) Аудармашылар шығармаларыңызды аударып береді. Сіз оларға көңіліңіз толмайтын тұстарын айтып бересіз бе?

Осы жоғарыда көрсетілген сұрақтар аясында жазушымен сұхбат алынып, сол материалдар негізінде автор прагматикасына арналған мақала жазылып отыр.

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулары

Осы уақытқа дейін Дулат Исабеков және оның шығармашылығы бойынша бірнеше зерттеу мақалалары жарық көрді. Бірақ, жазушының аудармаға және өз туындыларының аудармасына қатысты көзқарасы мен ойтолғаулары қағаз бетіне түспеген.

Қаламгер және оның шығармашылығы туралы қалам тартқан авторлар көп. Атап айтсақ, филология ғылымдарының кандидаты, әдебиеттанушы А. Қалиева, өнер ғылымдарының кандидаты, кинодраматург Қ. Сиранов, жазушылар О. Бөкей, Ж. Шағатай, М. Сүндетов, С. Елубай, аудармашы Б. Қанапиянов және т.б.

Д. Исабеков өзінің «Кейіпкер тану немесе Оралхан елі» атты Егемен Қазақстан газетіне 1994 жылы берген мақаласында: «Ол кезде халық пен әдебиет біртұтас еді. Ал, біз сол әдебиет деген қалың тоғайға енген қазақтың қара домалақ балалары болатынбыз. Алдымызда қандай-қандай шатқал бар, қандай-қандай қиын өткел бар, қайсымыз қай жолмен кетеміз, қайсымыз неге жетеміз, бір-бірімізден қашан ажырасып, қайсымыз ана дүниеге бұрын кетеміз деп әсте ойламап едік. Алдымызда бір-ақ меже, бір-ақ мақсат болды, ол – жазу. Жазу, тағы да жазу» деп жазған болатын [5, 58-б.].

Жақсылық Түменбаев «Өнегелі өмір» кітабында беташар сөз деп Д. Исабеков шығармашылығы жайлы 1993 жылы «Осы шығармалардың бәрінде ол кейіпкерлерінің қоғамдағы нақты орнына, яғни өмірбаяндық нақты мәліметтерге, тіпті олардың басындағы дәуірлік өзгерістерге бәлендей мән бермейді. Оған керегі – басы жұмыр қарапайым ғана адам, сол «адам өмірінің қырық қатпар қыры» деп жазушының барлық шығармаларының арқауы шиеленіскен адам тағдырына арналғандығын тілге тиек етеді [5, 15-б.]. Расында да, бұған куә – «Гаухартастағы» Салтанат, «Дерменедегі» Токсанбай шал, «Тіршіліктегі» Қыжымгүл, «Пері мен періштедегі» Құлахмет сынды, ешкімге ұқсамайтын ауыр тағдырлы, тек қана шебер жазушының қабілетінің арқасында дәл сомдалған кейіпкерлер.

Белгілі әдебиеттанушы Құлбек Ергөбек «Ұлтын сүйген жүрек үні» атты Дулат Исабеков жайында толғанысында: «Ойланып көрейікші, Дулат кейіпкерлеріне ұқсайтын екінші бір кейіпкер бар ма қазақ әдебиетінде? Жоқ. Сол «жоғының» өзі жақсы. Әдебиеттегі ұқсас кейіпкерлер емес, бір-біріне

ұқсамас кейіпкерлер жасайды. Ұқсас кейіпкерлерден ұқсас туынды ғана келеді өмірге. Ондай шығармалар да аз емес қазақ әдебиетінде» [6, 302-6]. Сондай-ақ «Дулат Исабеков - бар болмысымен ұлттық жазушы. Шығарманың басталуы, географиялық жер жағдайының суреттелуі, тұрмыстық детальдар, теңеу, балама, метафораларымен, характер жасауымен, шешімімен ол ұлттық жазушы болып көрінеді», - деп Исабеков туындыларының қандай жағдайды талқыласа да ұлттың қамын ойлайтын, ұлтын ұлықтайтын жазушы екендігі жайлы айтады [6, 317-6.].

Әбдіжәміл Нұрпейісов «Егемен Қазақстан» газетіне 2012 жылдың 16-қарашасында берген «Дулат туралы сөз» мақаласында: «Жаратушы иенің құдіретімен дүниеге келген сүйекші, дерменеші шал, кішкентай немере, мүмкін, татар дәмі таусылып, дүниеден әлдеқашан өткен шығар. Бәлкім, қазіргі ұрпақтың есінде жоқ та шығар. Бірақ, әулиелер мен әмбиелерге отан болған Оңтүстіктің қасиетті топырағынан жаралған талантты перзенттің қаламы дүниеге әкелген сол сүйекші, сол дерменеші шал мен оның кішкентай немересінің сомдап соққан образы, ал бұлар – тірі. Бұлар бізбен бірге өмір сүріп келеді. Бізден кейін де талай-талай ұрпақтармен бірге жасап, өмір сүретін мәңгілік образдар», – деп ой толғаса, Амантай Байтанаев «Стиль айқындығы - өнер өрлігі» атты Дулат Исабековтің «Қарғын» романы туралы мақаласында: «Жазушының өз сөзімен бейнелесек, «сүйектен бастау алып, жүректе жасалған, яғни нағыз өмір шындығынан алынып, суреткерлік лабораторияда қорытылған дүние», – деп жазады [7, 8].

Аударманың прагматикалық аспектілері ретінде мәтіннің прагматикалық әлеуеті, аударма мәтінінің прагматикалық бейімделуі және бастапқы және аударма мәтіндердің лексикалық бірліктерінің прагматикалық мағыналары деп түсіну керек [9, 11].

Аударма барабарлығы, негізінде, мәтінді прагматикалық бейімдеу арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, айтарлықтай прагматикалық бейімделуді қажет ететін мәтін түрлері бар – бұл көркем-публицистикалық мәтіндер, жарнамалық мәтіндер. Сатылы аудармада мәтін прагматикасына көп көңіл бөліне бермейді. Осы орайда, автордың аталған мәселеге байланысты ойын айта кетуді жөн көрдік.

Жазушы тарапынан сұхбаттың әу басында аса мән берген мәселесі – аудармалардың, көбінесе, орыс тілінен жасалатыны еді: «Салыстыру үшін (түпнұсқа мен аударманы) ағылшын тілі керек, мен оқи алмаймын. Ең бастысы – орыс тіліндегі аудармасы. Қазақ тілінен әзірге ешкім аудармайды. Ағылшын, испан немесе француз аудармашысы келіп, қазақ тілінен аударма қоймайды. Орыс тілі арқылы аударады. Бәрібір орыс тіліне тәуелдіміз. Орыс тіліндегісімен салыстыра отырып, оқу деген – ол да бір пәле. Ол деген жазғаннан да қиын. Әбдіжәміл Нұрпейісов ылғи да ұрысатын: «Сендер

Москвадан шықтым, орысша шықтым деп мәз бола бересіңдер, неге қарамайсыңдар», – деп.

Атап айтсақ, «Қарғын» романының аудармаларында көп тоқтала кететін мәселелер бар. Кейбір «обороттар» бар орысшаға аударылмайтын, идиома сөздер. Олар өте қиын. «Буквально» аударғанда калька - ол жай ғана сөйлем болып шығады. Мәселен, анау «Өкпек жолаушы» деген повесім бар ғой, «Транзитный пассажир», соның орыс тіліндегі аудармасын мен қарамай журналға жібере салып, енді барып версткасын қарасам: «*Ой, айналайын-ау, Вадим, сен қайда қарағансың, менде тәп-тәуір сөйлем сияқты еді ғой*», – деймін. Енді қазақшасын оқып көруге болады, мәселен, повесть басталғанда: «Алматының аспаны тесіліп кеткендей, күздің суық жаңбырының себелеп құйып тұрғанына бүгін үшінші күн. Тал біткеннің сары жапырақтары табиғаттың осындай қатал үкіміне, амал жоқ, бас иіп және алдағы күндерінің бұдан да қиын болатынын сезініп, үнсіз тұр», – деген қайғылы, мұңлы нәрседен басталады ғой, мен келесі повестің «настроение» ылғи да бір алғашқы жолмен беріп отырамын. Сөйтсем, оны «*Был ноябрь, шел дождь*», – деп қоя салыпты. Содан кейін: «*Слушай, целый абзацым қайда, сен оны қайда жоғалттың?*» – деп, оны өзім қайтадан орысшаға аудардым.

Қорыта айтқанда, мәтіннің прагматикалық әлеуеті аударма мәтінінде өзінің коммуникативтік, лексикалық-семантикалық қызметін мүлдем орындамай тұр. Автор-мәтін-оқырман байланысы үзілген. Мәтінді прагматикалық бейімдеу аударма мәтінінде жүзеге асырылмады.

Бұл ойталқыдан қазіргі қазақ аударматануының шешімін дұрыс таба алмай келе жатқан өзекті мәселесін көреміз. Қазақ ұлттық әдебиетінің классикалық туындыларының барлығы аралық орыс тілі арқылы аударылып, көптеген қателіктерге жол беріліп жатады. Ал жазушы атап өткен орыс тіліне аударылуы қиын сөз орамдары мен идиомалар өз алдына.

«Орыс тіліне аударылған туындыларыңыздың барлығын өзіңіз оқып шықтыңыз ба?» деген сұрағымызға Дулат аға: «Оқимын ғой. 1979 жылы шықты ғой, анау «Отчий домнан» бастап, енді мынау баспаның өзінің талаптары, кестелері бар. Соған асықтырады олар. Қазіргідей жағдай жоқ қой ол кезде, электронды пошта деген бірден жазып жібере салатын, ол кезде хатпен жазатынбыз ғой, көп уақыт кетеді. Олар жауап берем дегенше 5–6 күн кетеді, ал оларда баспаның графигі бар. Соған олар шырылдайды. Бұл аударма дегеннің проблемасы жазғаннан да қиын. Әрбір сөзге шұқшиып қарап отыру деген уақытыңды алады, жүйкеңе тиеді. Енді оқимыз-дағы: «Әйтеуір, «қате болмаса болды ғой», - деп жібереміз. Ол да біздің қателігіміз.

Мәселен, «Қарғын» романында Сәргелді «Сэр» деп атайды ғой, үшеуі ресторанға барған жерінде алдарына официант салат секілді тамағын әкеліп қойған, Бағиланың оқуға түскенін жуамыз деп барады. Мәлике одан

12 жас кіші, сонда арғы жақта қыздар би билеп жүріп, айналған кезде ақ плавкалары көрініп қалған кезде, Сэргелдің мына жерінде «поршыны» бар, сонда Мәлике көріп отыратын-дағы, ана қыздарға сүйсініп, ақ плавкасын көргенде «поршын» әрі-бері жүгіріп өткенде Мәлике: «Сэр, алдыңыздағы салатыңыз суып қалды ғой», – дейді. Салат онсыз да суық қой. «Юмор» ғой. Соны аударғанда мүлдем басқаша қылып аударған. «Салат уже остыл», – деп аударма салған. Юмор жоқ, сарказм жоқ. Сондай, сондай нәрселер көп. Бұның «стилистикалық жағынан енді ағылшын тіліне қалай аударылғанын білмеймін» деп, өз заманындағы редакциямен жұмыс қиыншылықтарын атап өтіп, аудармадағы әзілдің аударылу қателігіне тоқталады.

Расында да, көркем аудармада түпнұсқадағы әзілқалжыңның аударма мәтінінде көрініс табуы аудармашыдан аса шеберлікті талап етеді. Ал ағылшын, швед тілдеріне қалай аударылғанына жазушының баға бере алмауы – қазақ аударматануына қойылатын міндеттердің бірі. Туындылар шетел тілдеріне қалай аударылып жатыр, аудармада қандай тенденциялар, бағыттар орын алып отыр деген сұрақтар жете зерттелуі қажет.

Д. Исабековтің пьесалары да аударылып, әлемдік сахналарда қойылып жүргені белгілі. Олардың аудармасын кім қадағалап, тексеріп отыр екен деген алаңдауымызға автор: «Олардың аудармасын өзің қадағаламасаң, басқа ешкім қадағалай алмайды. Өзің ғанасың ғой. Орыс тілін өзім жақсы білемін-дағы, қадағалай аламын. Ағылшын тіліндегісін тек қана сюжет секілді «бірдеңкесі» болмаса, тілдік жағынан біреуге сенемін ғой, болды. Ағылшын тілінің әдеби нормасын білетін адам табу қиын. Аудармашы ағылшын тілін жақсы біледі, бірақ әдеби норма деген нәрсе бар ғой.

Жазушы атап өткен бұл мәселеден тағы да қазақ және ағылшын тілінің әдеби нормаларын толық меңгерген, тіс қаққан мамандарға мұқтаждығымыз байқалады. Аударма дидактикасы аударматанудың әлі де болса, терең зерттелмеген салаларының біріне жатады.

Дулат аға, аудармашылар сізге аударып береді. Ал сіз оларға өзіңіз көңіліңіз толмайтын жерлерін айтып бересіз бе?

«Айтып бересің ғой, бірақ шыққанда соны өзгерте қоймайды. Мәселен, «Қаблан» деген әңгімем шыққанда, біз сол әңгімені кітапқа баса алмаймыз дейді. Неге? «Өйткені, иттің құйрығы мен құлағын кесіп тастапты», – дейді. Это садизм дейді. Сосын мен тұрдым да айттым: «*Слушайте, дорогие мои англичане. С какой собакой сравниваете мою собаку? С домашней дворняжкой или комнатным пуделем?* – дедім мен. – *Это же собака чабана. Поэтому это самой собаке будет полезно*», – деп, әйтеуір, әрең дегенде соны түсіндірдім, «сноска» бердім. Осындай нәрселер көп енді. Олар сюжет жағынан қарап, швед тілінде шыққанда менен сұрады: «Как мы назовем?» – деп үлкен болып шықты ғой. «Как назовем книгу» деген соң, мен

«Гаухартас» деп қойғанмын. Олар хат жазды: «Гаухартас» – это слишком хрестоматийно, европейские читатели это название не воспринимают. Назовите ее по-современному. Ойланып-ойланып, «Собака Кабан и другие», – дедім. «Очень замечательно», – деді. «Другиенің» ішінде біз ғой - бәріміз. Бірақ баспадан шыққанда, маған айтпастан, «совершенно» басқа «название» қойыпты. Орысшаға аударғанда, «Палящее солнце, пронзительный ветер и живая степь» деп аударыпты. Әр елдің өзінің дәстүріне қарай түсінігі бар. Біздің швед оқырмандарына осындай атаулар жақын деді. Швед тілін мен білмеймін. Оны аударған Бенгт Самуэльсон (Bengt Samuelsson's), жазушы, аудармашы, Нобель сыйлығының лауреаты.

Әңгімеміздің бұл тұсында аудармашылардың түпнұсқаны өз реципиенттерінің қалауларына қарай ыңғайлағанын, сондайақ ұлттық құндылықтарымыздағы айырмашылықтардың көрініс тапқанын байқаймыз. Өз ұлтымыздың құндылықтарына өзіміз жауаптылық танытып, қадағалауға және ұстануға міндетті екенімізге ой салды.

Көркем шығарманың атауының да мәтіннің өзі сияқты белгілі бір прагматикалық потенциалы бар, ол белгілі бір кітапты сатып алу немесе оқу алдында оның оқырманға әсер етуінде жатыр. Басқа тілге аудару кезінде шығарма атауының өзгеруі сол түпнұсқадағы коммуникативтік әсерінің жойылуына әкеліп соғады.

«Қас қарайды» деген сөзді аудару қиын. «Отыра қалып, жер сабады» қазаққа түсінікті, орысқа ол түсініксіз. Сондайларды «прямой» аударған. Содан кейін менен сұрайды: «*Дулат, как это переводится?*» – деп, қазақшасы қандай деп, ал бұл жерде «подстрочный» аудармамен алады ғой. Кейде «грубый» болса да, мағынасын бересің, түсіндіріп бересің, оның өзінде аударуға қиын болады.

Жалпы шығарма авторы мен аудармашының байланыста болуы нәтижеге жетуде ақылдасып, түсінбеген тұстарын автордан біліп, сыр-сипатын анықтап алуда үлкен рөл атқаратынына көзіміз жетті. Уақыттың тапшылығы, байланыстың нашарлығы, аудармашылардың басқа елде отыруы деген сияқты түрлі себептер түпнұсқаның орыс тіліндегі аудармасында, кейбір тұстарда, тікелей аудармаларға жол берілген және бұл зерттеушілер мен аудармашылар қарастыратын үлкен мәселе деп ойлаймыз. Бұл мәселені Е. Бауржанұлы мен С. Ашимханованың «Көркем аудармадағы мәтіннің семантикалық бірлігін сақтаудағы фондық білімнің рөлі: I. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының негізінде» атты еңбегінде сөз етеді [12].

Автор шығарманы жазу барысында тек өз ойы мен көзқарасын білдіріп қана қоймай, сонымен қатар оқырманның реакциясын алдын ала болжап отырады. Мәтінді құрастыру кезінде автордың оқырманның қабылдауын ескеруі прагматикалық стратегияның негізгі бөлігі болып табылады.

Осы орайда, түпнұсқадағы «Гаухартас» атауының «Палящее солнце, пронзительный ветер и живая степь» деп швед тіліне аударылуы аталған көркем шығарманың авторының басты прагматикалық мақсатына жетуіне, яғни, швед оқырмандарының эмоцияларына ықпал етуіне себеп болды. Бұл мақсатқа жету үшін әртүрлі көркемдік және тілдік тәсілдер қолданылады. Мысалы, автор өзі айтып отырғандай, метафора («Қас қарайды») эпитет және кейіптеу («Тал біткеннің сары жапырақтары табиғаттың осындай қатал үкіміне, амал жоқ, бас иіп...»), гипербола (шопан итінің «Қабылан» аталуы) сияқты бейнелі құралдар мәтіннің экспрессивтілігін арттырып, оқырманның эмоциялық қабылдауын күшейтеді. Сонымен қатар, шығарманың оқиғалары мен кейіпкерлерінің психологиялық сипаттамалары (Сәргелді «Сэр» деп атауы) оқырманды оқиғаға тарту үшін прагматикалық құрал ретінде қолданылады.

Қорытынды

Сұхбатты қолдану арқылы жүргізілген зерттеу нәтижесінде өз туындыларының аудармасына тікелей қатысып отырған Д. Исабековтің аударма барысында кездескен тұрақты сөз тіркестері (*қас қарайды, жер сабау*), жалқы есімдердің аударылуы, түпнұсқадағы поэтиканың жоғалуы тәрізді лингвистикалық және түпнұсқа мен аударма мәдениеттері арасындағы дүниетаным ерекшеліктері (*«Қаблан» әңгімесіндегі иттің құйрығы мен құлағын кесіп тасталуын ағылшын халқының «садизм» деп қабылдауы; швед халқының әңгіменің «Гаухартас» деп аталуын тым хрестоматиялық деп қабылдамауы, жаңашыл атау сұранысы*), Кеңестік дәуірдегі редакцияның Мәскеуде алшақ орналасуы, байланыстың нашарлығы, уақыт тығыздығы, аудармашылардың қателіктерді жөндеу барысында жіберген олқылықтар сияқты экстралингвистикалық қиындықтар талқыланды. Сондайақ, жазушы айтқандай, аудармалардың барлығы дерлік әлі күнге дейін аралық орыс тілінен жасалатыны, қазақ тілінен тікелей аударатын аудармашылардың аздығы, ағылшын тіліне жасалып жатқан аудармаларының сапасына мүлдем баға бере алмауы айтылды. Түпнұсқадағы әзілқалжың элементтері орыс тіліндегі аударманың кей тұстарында толыққанды жеткізілмеуі қынжылтты.

Қорыта айтқанда, аударма мәтінін прагматикалық бейімдеу және түпнұсқа және аударма мәтіндердегі лексикалық бірліктерінің прагматикалық мағыналарын балама беру кезінде идиомалар мен жиынтық тіркестерді қазақ тілінен орыс тіліне аударудағы қателер, фондық білімнің болмауы, реалия сөздердің барабар аударылмауы, ұлттық нақыштағы сөздердің түсіп қалуы, аударма мәтінінің стилінің сақталмауы, әзіл сөздердің тікелей сөзбе-сөз аударылуы, әдеби нормалардың шатасуы анықталды. Ағылшын тіліндегі аудармалардағы қателіктердің мәдениет, әдет-ғұрыпқа байланысты алшақтықтардан, халықтар арасындағы дүниетанымдық

айырмашылықтардан туындайтыны анықталды. Сол себепті, аударма мәтінінің сапасындағы олқылықтар өзге тілді рецепиентке қатысты коммуникативті әсерге жетпеуінің салдарына әкелді.

Алынған нәтижелерді қорыта келе, айтатынымыз: прагматикалық аспектілер автор-мәтін-оқырман қатынасы тұрғысынан зерттелді. Прагматика тұрғысынан автордың әрекеті оқырманның коммуникативтік біліктілігін, сөйлеушінің ойы мен лебізінің мағынасын салыстыру арқылы коммуникативтік компетенцияны қалыптастырудың маңызды компоненті ретінде қарастырылды. Қазіргі таңда көркем мәтіндегі тақырыптарды прагматикалық тұрғыдан зерттеу үлкен қызығушылық тудыруда. Сондықтан шығарма тіліндегі прагматикалық функциялар болашақта тереңірек зерттелуі қажет. Осылайша, әрбір автор өз туындысын таңдау кезінде тақырыптық және ақпараттық қызметтермен қатар оның прагматикалық мүмкіндіктерін де ескеру қажет. Тақырыптардағы прагматикалық функциялардың бағытталуы тілдің лексика-семантикалық кеңістігі арқылы жүзеге асырылатыны анықталды.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Бекниязов, Т.** Журналистиканың терминдері мен ұғымдары: оқу құралы [Мәтін]. – Алматы : Қазақ университеті, 2006. – 149 б.

2 **Қожакеев, Т.** Жас тілшілер серігі [Мәтін]. – Алматы : Рауан, 1991. – 224 б.

3 **Flick, U.** Doing interview research: The essential How to Guide [Text] – SAGE Publications Ltd; 1st edition (March 1, 2022). – 448 p.

4 **Rodney, J. Clarke.** Elicitation strategies for interviewing and fieldwork : Emerging Research and opportunities [Text]. – United States of America by IGI Global : Business Science Reference; 1st edition December 26, 2018. – 130 p.

5 **Исабеков, Д.** Өнегелі өмір / Ред.басқарған Ғ. М. Мұтанов [Мәтін]. – Алматы : Академкітап, 2022, 234-шығ. – 472 б.

6 **Құлбек, Е.** Ұлтын сүйген жүрек үні. Дулат Исабеков жайында толғаныс. Қарасөз. Қазақ прозасы туралы ойлар [Мәтін]. – Алматы : Ел-шежіре, 2013. – 300 – 344 бб.

7 **Нұрпейісов, Ә.** Дулат туралы сөз [Мәтін] // Егемен Қазақстан, № 123, 16 қараша 2012. – 2–3 бб.

8 **Байтанаев, А.** Стиль айқындығы – өнер өрлігі. Дулат Исабековтың «Қарғын» романы туралы [Мәтін] // Оңтүстік Қазақстан, 2 сәуір 1981. – 2–3 бб.

9 **Baker, M, Saldanha, G.** Routledge Encyclopedia of Translation Studies [Text]. – New York : Routledge, 2011. – 698 p.

10 **Niknasab, L.** Translation and Culture: Allusions as Culture Bumps. [Text] // SKASE Journal of Translation and Interpretation [online]. vol. 5. – No. 1 [cit. 2011-03-28]. Available at [Электроннды ресурс]. – http://www.skase.sk/Volumes/JTI05/pdf_doc/03.pdf.

11 **Florence, B.** Warbletoncouncil [Text]. 20th July, 2023. Available at [Электронный ресурс]. – [Электроннды ресурс]. – <https://kk.warbletoncouncil.org/tipos-de-entrevista-171>

12 **Baurzhanuly, Y., Ashymkhanova, S. A.** The role of background knowledge in preserving text coherence in literary translation on the example of I. Yesenberlin's «The Nomads» trilogy [Text] // «Keruen» scientific journal, No3, 80 Vol, 2023. – P. 189–199. [Электроннды ресурс]. – <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-17>

References

1 **Bekniyazov, T.** Zhurnalistikany terminderi men ugymdary: oku kuraly [Journalism terms and concepts: a textbook] [Text]. – Almaty: Qazaq university, 2006. – 149 p.

2 **Qozhakeev, T.** Zhas tilshiler serigi [Companion of young reporters] [Text]. – Almaty: Rauan, 1991. – 224 p.

3 **Flick, U.** Doing interview research: The essential How to Guide [Text] – SAGE Publications Ltd; 1st edition (March 1, 2022). – 448 p.

4 **Rodney, J. Clarke.** Elicitation strategies for interviewing and fieldwork: Emerging Research and opportunities [Text]. – United States of America by IGI Global: Business Science Reference; 1st edition December 26, 2018. – 130 p.

5 **Isabekov, D.** Unegeli umir / Red.baskargan G. M. Mytanov [Moral life. / Edited by G. M. Mutanov] [Text]. – Almaty: Akademkitap, 2022, 234-ed. – 472 p.

6 **Kulbek, E.** Ultyn syjgen zhyrek uny. Dulat Isabekov zhajynda tolganyz. Karasoz. Qazaq prozasy turaly ojar [The voice of the heart that loves the nation. Concerns about Dulat Isabekov. Wise words. Thoughts on Kazakh prose] [Text]. – Almaty: El-shezhire, 2013. – P. 300 – 344.

7 **Nurpejiso, A.** Dulat turaly soz [Speaking of Dulat] [Text] // Egemen Kazakhstan, No 123, 16th November 2012. – P. 2–3.

8 **Bajtanaev, A.** Stil ajkyndygy – oner orlygy. Dulat Isabekovtyn «Kargyn» romany turaly [Clarity of style is an art form. About the novel «Kargyn» by Dulat Isabekov] [Text] // Ontystyk Kazakhstan, 2nd April 1981. – 2–3 pp.

9 **Baker, M., Saldanha, G.** Routledge Encyclopedia of Translation Studies [Text]. – New York: Routledge, 2011. – 698 r.

10 **Niknasab, L.** Translation and Culture: Allusions as Culture Bumps. [Text] // SKASE Journal of Translation and Interpretation [online]. vol. 5, No. 1 [cit.

2011-03-28]. Available at [Electronic resource]. – http://www.skase.sk/Volumes/JTI05/pdf_doc/03.pdf.

11 **Florence, B.** Warbletoncouncil [Text]. 20th July, 2023. – [Electronic resource]. – <https://kk.warbletoncouncil.org/tipos-de-entrevista-171>

12 **Baurzhanuly, Y., Ashymkhanova, S. A.** The role of background knowledge in preserving text coherence in literary translation: on the example of I. Yesenberlin's «The Nomads» trilogy[Text] // «Keruen» scientific journal, No3, 80 vol. – 2023. – P. 189–199. [Electronic resource]. – <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-17>

26.07.24 ж. баспаға түсті.

15.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

17.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*М. Б. Тлеулинова¹, С. Д. Сейденова²,
А. Е. Алпысбаева³, Д. Коксал⁴, К. Джесур⁵

^{1,2,3}Казахский национальный

университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы;

^{4,5}Университет Чанаккале Онсекиз Март,
Турция, г. Чанаккале.

Поступило в редакцию 26.07.24.

Поступило с исправлениями 15.01.25.

Принято в печать 17.02.25.

ПРАГМАТИКА ТЕКСТА И АВТОРА В ПЕРЕВОДАХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ Д.ИСАБЕКОВА

В статье рассматривается одна из сложных проблем в переводоведении – передача прагматического потенциала текста оригинала как способности переводного текста производить коммуникативный эффект, осуществлять прагматическое воздействие на получателя. Согласно теории немецкого ученого А. Нойберта, художественные произведения, рассчитанные на носителей исходного языка, во многих случаях переводятся на другие языки, поэтому прагматические факторы в них играют важную роль. К прагматическим параметрам текста относятся все его элементы, в которых в той или иной знаковой форме зафиксированы отношения между самим текстом и субъектами коммуникации: автором и адресатом. Переводчик при прагматической адаптации целевого

текста включает в текст дополнительные элементы, опущения элементов, избыточные с точки зрения иноязычного получателя, а также путем применения семантических трансформаций. В итоге, случаются разночтения оригинального текста реципиентом-носителем языка и реципиентом-переводчиком, оценивающим текст с позиции реципиента-представителя иной культуры. Для решения данной актуальной проблемы проведено исследование, основанное на документально записанном интервью с известным писателем и драматургом Дулатом Исабековым о его отношении к проблемам художественного перевода, затрагивающие не только качество переводов его произведений, но авторские рекомендации к переводчикам в целом. На сегодняшний день произведения Д. Исабекова переведены на 11 языков мира, его пьесы ставятся на зарубежных сценах. Но качество переводов, способы преодоления переводчиками языкового и культурного барьера между оригиналом и переводимым текстом, применяемые трансформации и их возможные последствия не рассматривались и не изучены с авторской прагматической точки зрения. В результате интервью также выявлены пробелы в процессе публикации переводов от советской редакции и проанализированы последствия использования русского языка как языка-посредника. Фактологическая информация, полученная в ходе живого интервью, является ценным материалом в области отечественного переводоведения, в частности, теории художественного перевода, и в дидактике перевода.

Ключевые слова: художественный перевод, целевой текст, прагматика текста, прагматика автора, прагматическая адаптация, качество перевода.

*М. В. Tleulinova¹, S. D. Seidenova²,
A. E. Alpysbaeva³, D. Koksai⁴, K. Cesur⁵
^{1,2,3}Al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;
^{4,5}Canakkale Onsekiz Mart University,
Turkiye, Canakkale.

Received 26.07.24.

Received in revised form 15.01.25.

Accepted for publication 17.02.25.

PRAGMATICS OF THE TEXT AND THE AUTHOR IN THE TRANSLATIONS OF THE WORKS OF D. ISSABEKOV

The article deals with one of the most difficult problems in translation studies – the transfer of the pragmatic potential of the original text as the ability of the translated text to produce a communicative effect, to exercise a pragmatic impact on the recipient. According to the theory of the German scientist A. Neubert, works of art intended for native speakers of the original language are in many cases translated into other languages, so pragmatic factors play an important role in them. The pragmatic parameters of the text include all its elements, in which the relationship between the text itself and the subjects of communication, the author and the addressee, is fixed in one sign form or another. The translator, when pragmatically adapting the target text, includes additional elements in the text, omissions of elements that are redundant from the point of view of a foreign language recipient, as well as by applying semantic transformations. As a result, there are discrepancies in the interpretation of the original text by the recipient-native speaker and the recipient-translator, who evaluates the text from the position of the recipient-representative of a different culture. To solve this urgent problem, a study was conducted based on a documented interview with the famous writer and playwright Dulat Isabekov about his attitude to the problems of literary translation, affecting not only the quality of translations of his works, but the author's recommendations to translators in general. To date, the works of D. Isabekov have been translated into 11 languages of the world, his plays are staged on foreign stages. But the quality of translations, the ways translators overcome the linguistic and cultural barrier between the original and the translated text, the transformations used and their possible consequences have not been considered and studied from the author's pragmatic point of view. The interview also revealed gaps in the process of publishing translations from the Soviet edition and analyzed the consequences of using the Russian language as an intermediary language. Factual information obtained during a live interview is a valuable material in the field of domestic translation studies, in particular, the theory of literary translation, and in the didactics of translation.

Keywords: literary translation, target text, pragmatics of the text, pragmatics of the author, pragmatic adaptation, translation quality.

Теруге 17.02.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,76 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,73. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4350

Сдано в набор 17.02.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.
Электронное издание
4,76 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,73. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4350

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz